

Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№13 (10 112)

1 сәуір

жұма

2022 жыл

aksuoniri@mail.ru

БЕРЕКЕЛІ АЙДЫҢ БЕРЕКЕТІНЕН ҚҰР ҚАЛМАЙЫҚ!

ІБАС МҰФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ОРАЗАҒА
ОРАЙ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУ ЖАСАДЫ!



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде тікелей эфирде өткен брифингте оразаға орай кәсіпкерлерге үндеу жасады.

Бас мұфти кәсіпкерлерді қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырды.

«Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім де кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кім де кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді», - деген. Рамазан - Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Ендеше, берекелі айдың берекетінен құр қалмайық!», - деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

● 2 СӘУІР – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ!

РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ,
ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ, БАС МҰФТИ,

Қадірлі отандастар!

Баршаңызды күллі мұсылман баласы асыға күтетін қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бақыт пен береке, мықты денсаулық тілеймін!

Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ, жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Біз талай сыңдарлы сәттерді бастан кешіп келе жатқан халықпыз. Иманымыз бен бірлігіміздің арқасында қиындықты еңсеріп, өсіп-өнген елміз. Аллаға шүкір, елдігімізді көрсетіп, кешегі «қасіретті қаңтар» оқиғасын еңсердік. Екі жылға созылған пандемиялық жағдай кезінде де бірлігімізді көрсеттік.

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Шын мәнінде қиындықпен бірге жеңілдік бар» («Шарх» сүресі, 6-аят) дейді. Міне, бүгінде қасиетті Рамазан айында жамағатпен ауыз ашып, көпшілікпен бірге құлшылық жасауға мүмкіндік алдық. Осы күнге жеткізген және осындай ұлы мүмкіндікті нәсіп еткен Жаратушы Жаббар Иемізге сансыз шүкірлер айтамыз.

Рамазан – тәрбие мен тағылым айы. Қасиетті айда мұсылман баласы қанағат, шүкір, мейірім, бауырмалдық, кешірім сынды көркем мінезді қалыптастыруға тырысады. Өйткені, қасиетті айда мұсылманға көп жақсылық пен

мүмкіндіктер беріледі. Бұл туралы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «**Бұл айда жәннат есіктері ашылады. Ораза тұтқан адамның алдыңғы және кейінгі күнелері кешіріледі**», - деген сүйінші хабар жеткізген.

Ендеше, берекелі айда көбірек сауапты амал жасауға асығайық, ағайын. Ата - анамыздың, қазыналы қарттарымыздың дұғасы мен алғысын алуға тырысайық. Мүмкіндікке қарай мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, науқастың көңілін сұрап, сауап алайық.

Осы ретте кәсіпкер азаматтарды қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырамын.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. **Кімде кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді**», - деген.

Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық. Сауабы еселеніп жазылатын айда әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай. Алла Тағала ұстаған орамамызды, қоғам үшін жасалған қайырлы істерімізді мол сауаптан жазғай. Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай.

Әмин!

ҒАСЫР КӨРГЕН БАТЫР

Ауданымыздағы жалғыз Ұлы Отан соғысы ардагері Моисеев Гаврил Степанович 100 жасқа толды.

Қапал ауылында ерлікке толы ғұмыры әр азамат үшін үлгі боларлық тұлға, жақында ғана Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағын алған батыр бабамызға үлкен құрмет көрсетілген той болды.

Осы тойда аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы Қапал ауылына арнайы барып, ардагерді ғасыр тойымен құттықтады. Аудан әкімі Есім Сейілханұлының атынан Құттықтау хат пен арнайы сыйлық тарту етті. Ғасыр куәгеріне Ақсу жұртшылығының жылы лебізін жеткізді.

Ардагер мерейтойын ауылдастарымен бірге атап өтті. Ауылдық округ әкімі Нұрбол Елубайұлы бастаған ауыл ақсақалдары



ыстық ықыластарын білдіріп, майдангерді мерейлі жасымен құттықтады.

Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Майдан даласында қан кешіп, тылда да атқарған ерліктері үшін зор алғыстар айтылды.

Ерлік – елдіктің тұғыры. Кешегі есті де текті қазақ: «Болар бала бесігінде бұлқынар, болар құлын желісінде жұлқынар», - деп ұрпақтарына күні бұрын болжам жасай білген. Осы жылқы мінезді қазақ ауылында өскендіктен де болар текті бабамыз бұлқынып та, жұлқынып та ширап өсіп, намысы өрекіпген, батыл жүректілігі мен күш - қайраты тасыған күйде түлеп ержететіні сөзсіз. Осы ғасыр жасына жеткізген де Қапалдың таза ауасы шығар.

Ербол СЫМХАНОВ.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

СЕНБІЛІККЕ ШЫҒАЙЫҚ, ЖЕРЛЕСТЕР!

Көктем келді! Табиғаттың оянуы қардың еруімен, құстардың жылы жақтан ұшып келуімен және бәйшешектердің алғашқы гүлдеуімен жалғасады. Осы кезде қыстың аяқталғанын білдіргендей қардың астынан қыс бойы жиналған қоқыс пен кір шығады. Сондықтан да, көктем айының бірінші күн шуағы санитарлық тазарту жұмыстарына шығуға шақырады.

Біз, «АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалы - ауданымыздың барлық тұрғындарын, еңбек ұжымдарын, мекемелер мен ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жастар мен оқушылар, тұрғын үй иелерін көктемгі сенбілікке белсене қатысуға шақырамыз.

Баршамыз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген

сүйіспеншілігімізді көрсетейік.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бір кісідей сенбілікке шығып, әрбір ауланы қоқыстан тазартып, ағаш отырғызып, гүлзарлар жасауға атсалысайық.

Біз өзіміздің ауылымызды тазартуда, оның әркез таза болуына күш - қуаттарыңызды аямайтындығыңызға сенімдіміз!

Ендеше, баршамыз көктемгі сенбілікке шығайық!

«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалы.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Ақсу ауданының «Қазақтелеком» АҚ құрылыс мекемелерінің жер қазу жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан Республикасы байланыс желісін қорғау аймағында жұмыс жүргізуді реттейтін нормативтік актілері.

Қорғау аймағында немесе байланыстың көбіл желілеріне жақын жерде қандай да бір жұмыс жүргізу үшін жұмыс басталар алдында 3 тәулік бұрын жазбаша рұқсат алып, барлық жұмыстарды тек байланыс кәсіпорны өкілінің қатысуымен орындау қажет.

Ақпарат ретінде жұмысты бастар алдында:
- Жансүгіров ауылы бойынша Сарқын – Ақсу ЖТЦ

өкілін 2-13-62, 2-15-52, 2-12-54 телефондары арқылы шақыру;

- Жұмыстан тыс уақытта жер қазуға байланысты байланыс желісінің қорғау аймағында шұғыл апат жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда, 2-13-62, 2-15-52, 2-12-54 телефондары арқылы Жансүгіров ауылы бойынша Сарқын – Ақсу ЖТЦ жедел кезекшілер учаскесіне телефон шалу қажет екендігін хабарлаймыз.

Ж.АҚБАТЫРОВ,
Сарқын – Ақсу ЖТЦ бастығы.

БАСПАСӨЗ -
2022

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл

«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысында Ақсу аудандық партия филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің 2021 жылы атқарған жұмысы туралы төраға Қ.Әбдрахманов баяндама жасады және «Қазақстан Республикасындағы 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі салалық бағдарламасының» орындалуы туралы Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Фазиз Отарбайұлы Есжановтың есептері тыңдалып, алдағы атқарылатын жұмыстары нақтыланды.



Партиялық бақылау комиссиясында



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының отырысында «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасының орындалуы туралы депутаттық фракция жетекшісі К.Дәулетбекова баяндама жасады. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Бекбатыровтың есептері тыңдалып, алдағы атқарылатын жұмыстар нақтыланып, шешім қабылданды.

ПАРТИЯ АКТИВІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



«AMANAT» партиясының кезектен тыс XXII Съезінде алға қойған мақсаттар мен міндеттерін Ақсу ауданында орындалуы туралы аудан әкімдігінің үлкен залында партия активінің отырысы өтті. Жиынға аудандық саяси кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, жастар нұсқаушылары - «Jas Otan» жастар қанаты, қоғамдық кеңес мүшелер, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

«AMANAT» партиясының кезектен тыс XXII (жиырма екінші) Съезінде алға қойған мақсаттар мен міндеттерін ауданда іске асыру туралы аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Күләйхан Тұрсынбекқызы Дәулетбекова айтып өтті. Партияны модернизациялау бойынша 7 (жеті) басымдылықпен таныстырды.

1. Халықпен кері байланыс жасау құралдарының тиімділігін арттыру;
2. Партияластар арасындағы ынтымақтастықты арттыру;
3. Партияның жұмысында ашықтықты арттыру;
4. Партиялық бақылауды күшейту;
5. Партияның бағдарламалық құжаттарын қайта қарау;
6. Халықтың әртүрлі топтарымен жұмыс істеу;
7. «JAS OTAN» жастар қантының жұмысын жетілдіру.

Келесі сөз кезегі Алматы облыстық Саяси кеңес мүшесі, аудандық мәслихат депутаты, «Шоңай батыр» бастауыш партия ұйымының төрайымы Рахат Нығметбекқызы Ибраимоваға сөз берілді. Партияның жаңғыру ая-

сында халықпен кері байланыс орнату, халықтың әртүрлі топтарымен жұмыс істеуде бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру бойынша толықтай айтып таныстырды.

Келесі сөз кезегі аудандық мәслихат депутаты Марат Дәулетұлы Естібаевқа беріліп, өз сөзінде съезде жастар мәселесіне баса назар аударылғаны жайлы айтты. «Жастар Отанға» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Корпустың жұмысын жандандыру, ауыл жастарының өлеуетін дамытуға бағытталған «Өрлеу», жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейтін жаңа «Қайсар», белсенді, дарынды жастарға мүмкіндік беретін «Партияның контент фабрикасы» жобасы жүзеге асырылады. Бұлардың барлығы жастардың дамуы мен алға ұмытылуына мүмкіндік туғызып, қатарымызға ел дамуына үлес қосатын жастардың келуіне жол ашады.

Ақсу аудандық партия филиалының төрағасы Е.С.Базарханов партия активінің отырысының қорытындысы бойынша аудандық партия филиалына, бастауыш партия ұйымы төрағаларына төмендегідей тапсырмалар берді.

- сайлаушылармен тікелей, жүйелі жұмыс жүргізу тәжірибесін енгізу;
- тұрақты негізде ауыл әкімдері лауазымдарына партия атынан азаматтардың қолдауына ие болған лайықты кандидаттарды ұсыну жұмыстары жалғастырылсын;
- жастармен жүйелі жұмыс жүргізілсін;

Партиялық актив отырысының күн тәртібінде енгізілген мәселе толығымен қаралып, міндеттер айқындалды.

Е.МАРАТОВ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

Бастауыш партия ұйымдарымен кездесу

Аудан әкімі, аудандық партия филиалының төрағасы Е.Базархановтың бастауыш партия ұйымы төрағаларымен өткен кездесуінде аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Дәулетбекова 2022 жылғы 28 қаңтарда өткен «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXI Съезі шешімдерін, Президент Қ.К.Тоқаев берген тапсырмаларын жан - жақты таныстырды және БПҰ-

ның 2021 жылғы атқарған жұмысы туралы баяндама жасады. Аудандық партия филиалының төрағасы Е.Базархановтың бастауыш партия ұйым төрағаларына 2022 жылы атқарылатын жұмыстар туралы тапсырмалар берді.

Елбасы Жолдауы – ел дамуының негізі

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа арнаған Жолдауында қоғам дамуындағы өзекті мәселелер қозғалды.

Ең бірінші кезекте Президент елді демократияландыру бағытында бейбіт шерулер мен демонстрациялар өткізуге заңмен рұқсаттар беріліп, жұртшылықтың еркін түрде өз ойларын айтуға мүмкіндік туғызылғанын атап өтті.

Алайда, кейбір қоғамдағы кертартпа, арам ойлы тұлғалар ел тыныштығын бұзуға әрекет етті. Оны өзіміз осы жылғы орын алған қаңтар оқиғасында да көзімізбен көрдік.

Мемлекет басшысының осы тұрғыда аталған әрекеттерге байланысты заң аясында қатаң шара қабылданатыны туралы айтқан сөзін толық қолдаймын.

Ел болып Президентіміздің ел болашағы, дамуы үшін алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға, аға буын өкілдері - біз, ардагерлер өскелең жас ұрпақты Отанын шексіз сүйген, жүрегінде елі мен туған жері үшін сүйіспеншілік оты бар патриот



ретінде қалыптасуына, Жаңа Қазақстанның қалыптасуына өз үлесімізді қосып, барлық күш – жігерімізді жұмсаймыз деп сенім білдіремін.

Аманкелді АЙТБАЕВ,
аудандық қоғамдық келісім және Ардагерлер кеңестерінің төрағасы, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

Ел дамуы бағытында мемлекетті басқаруға өз ықпалын тигізерді



2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Президент өкілеттілігін нақтылау, кадрлық саясатта туысқандықты жою, Президенттік квотаны Сенатта азайту, Сенат өкілеттігін айқындау, төменгі палатаның құзреттілігін кеңейту, жоғарғы аудиторлық Палатаны құру арқылы Мәжілістің өкілеттілігін кеңейту, жергілікті маслихат төрағалығын енгізу, сайлау жұмысын жетілдіру мәселелерін көтеріп, бұл жүйе ел дамуы бағытында мемлекетті басқаруға өз ықпалын тигізетініне тоқталды.

Осы жоғарыда аталған мәселелер, сонымен қатар елімізде ашық сайлау өткізу кезеңінде әлеуметтік желілерде насихат жұмысын жүргізу мүмкіндігі қоғамымыздағы ашықтықты, ел үніне құлақ асатын мемлекет құруға өзінің зор септігін тиізеді деп сенемін.

Бақыт ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
аудандық ауылшаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

Бұл мемлекетіміздің барлық институттарын нығайтатын толық ауқымды жаңғырту

ҚР Президентінің Жолдауын тыңдадық. Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи маңызы бар өте терең реформаларды айтты. Бүгін айтылған реформалардың әрбір тармағын толық қолдаймын. Облыстарды бөлу туралы айтқым келеді. Әсіресе, Алматы облысын атап өтуге болады!

Иә... Облыстың бөлінуі көптеген жаңа жұмыс орындарын, жаңа идеялар мен перспективаларды тудырады. Бірақ... белгілі болғандай, Алматы облысында барлық негізгі кіріс және инвестиция көздері Алматы қаласының маңында орналасқан аудандарда шоғырланған.

Сол арқылы облыс орталығы Қапшағай қаласына көшеді. Бұл қосымша қаржылық шығындар тудырмайды ма?!

Қазір Алакөл өте белсенді дамуда, туристтер айналымы біздің облысқа жеткілікті қаржы тарта ала ма?! Менің ойымша, бөлу сауатты және терең сипатқа ие болады, бұл екі жаңа саланы да кірістерсіз



қалдырмайды. Қорытындылай келе, бүгінгі күні айтылған реформалар тек саяси реформалар ғана емес, бұл мемлекетіміздің барлық институттарын толық көлемде нығайтатын толық ауқымды жаңғырту болып саналады.

Владимир ЧЕПЕЛЬ,
Қапал ауылдық округінің бас маманы.



ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ - ӘЗ НАУРЫЗ

Жылдың бастауы деп түсінген ата - бабамыз наурыз мерекесін асыға күткен. Түркі халықтарының төл мерекесі - наурыз. Өткеніміз бен бүгінгімізді байланыстыру үшін бабалар сөздерін үнемі жадымызда ұстауымыз керек. Өзімізге жеткен мұраны біз де асыға күтіп, ауыл болып дүркіретіп атап өттік. Суықсай ауылында наурыз мерекесі, көрісу күні 14 наурыздан басталып кетті. Осынау ұлттық салт - дәстүрлерімізді дәріптейтін ұлттық мерекеміз 14 сәуірге дейін жоспар бойынша әрі қарай жалғасын таппақ. Әкімшілік және мәдениет ұжымы ұлттық киімді насихаттау мақсатында "Ұлттық киіммен ұлтымызды ұлықтайық!" атты челлендж ұйымдастырып, әлеуметтік желі арқылы Гагарин мектебіне жолдады. Мектеп ұжымы тайлы-тұяғымен тік тұрып, мектеп алдында ығы-жығы ұстаздар мен оқушылардың әдемі ұлттық киімдерін киіп, қазақтың қанатты сөздерімен жолдаған челленджі көз тартарлық. "Таңшолпаным" балабақшасының желіге жүктеген қазақтың салт - дәстүріне тұнып тұрған видео жолдаулары ұлттық киімнің көркін одан әрі аша түсті. Ақтөбе, Баласаз, Ащыбұлақ мектептері де ұлттық нақышта өн салып, би билеп, дастархандарын жайнатып, наурыз көжесін ұсынған видео жолдауларын ауыл халқына көрсетіп бір марқайтып тастады.

Сонымен қатар асық ату және дойбы ойындарына бір күнін арнап әрі қарай жайлау күнін, ұлттық шежіре күнін, ат қою, тал егу, селт еткізер, ұйқы ашар деген салт - дәстүрлерді насихаттауға арналған іс - шаралармен жалғасып "Ұлыстың ұлы күні - Әз наурыз" мерекесін көпшілікпен бірге дүбірлете тойлаумен ұласты. Дәл 22 наурыз күні айнаға әппақ ұлпа қардың жауып тастағаны бар емеспе. Мұны біз жақсылыққа жорыдық.

Егер наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі дейді. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлгілдік қар - сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді. Алдымен ауылымыздың әкімі Қоныров Қуаныш Нұрланұлы құттықтау сөз сөйлеп, халыққа ізгі тілегін айтты. Ауыл имамы Қалибек Қабайұлы көпшілікке ақ батасын арнады. Мәдениет үйінің алаңында "Зере" әжелер ансамблі тойға арналған шашуын шашып, халыққа әндерін арнады. Концерттік бағдарлама ұсынылып, әр көшенің атынан жайылған берекелі ұлттық дастархан мәзірі жайнап, құрт - ірімшік, қатық пен сары май, қазы - қарта, талқан тары, шөлпек пен бауырсақ тәбетінді ашды. Ақ түйенің қарны жарылып, Самарқаның көк тасы еріген күн демекші, халық дастарханан дәм татып, наурыз көже ішіп, арқа - жарқа болысты.

Соңынан спорттық ойындар ойналды, арқан тартыстан жота көшесі жеңіске жетті. Гір тасын көтеру мен қол күрестен І-ші орынды Құмашбаев Сержан алды. Әйелдер арасында қол күрестен Әйміш Манатгүл апай, балалар арасындағы қол күресінен Тұрсынжан Сұңғат қанжығалады. Спорт әдіскері Жұмағалиев Қайрат волейбол, баскетбол, шахмат, көкпар ойындарын жоспар бойынша өткізуде. Волейболдан І-ші орын Жота командасы, ІІ-ші орын Ащыбұлақ командасы, ІІІ-ші Қызайбек командасы алды. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық және Мадақтау қағазымен марапатталды. Осы іс-шараға демеушілік көрсеткен кәсіпкерлерге алғыс айтамыз. Құт - береке дарыған қазақ даласында бірлігіміз жарасып, наурыздан наурызға жете берейік.

**Айнұр ЖИЕНТАЕВА,
Суықсай ауылдық мәдениет
үйінің әдіскері.**

ОРНЫ БӨЛЕК ТАУ ТҮЛҒА

Ел жері үшін ізденуден ерінбейтін,
Алға жүріп ешқашан шегінбейтін.
Адалдықты ту етіп, айбындана,
Адамға ең керегі сенім дейтін
Қазақтың бір туары, әдебиетіміз бен
мәдениетіміздің сондай - ақ, журналисти-
ка саласының өркендеуіне елеулі үлес қосқан
Нұртілеу Иманғалиұлы жайында ой қозғамақпын.

Нұртілеу Иманғалиұлы атақты Молықбай қобызшы атамның ұрпағы, ақын Ілияс Жансүгіровтің аталас інісі. Өкесі Иманғали ақсақал елге қадірлі, халық ақыны болған.

Өз заманында талай айтыстан оза шауып бөйге алған. Нұртілеу Иманғалиұлы қазақ телевизиясында тілші, редактор, аға редактор, комментатор, бас редактор, саяси шолушы, директордың орынбасары, хабар агенттігінде модератор жүргізуші одан кейін үкімет кеңесінде сектор меңгерушісі, президент әкімшілігінде бас маман болып істеген.

Нұртілеу Иманғалиұлы еңбек жолын ұстаздықпен бастағаны болмаса, өз мамандығына адалдығы соншалық өмірінің соңына дейін журналистика саласында еңбек еткен. Ол дегеніміз тұрақтылық пен қажырлылықты, өз ісіне деген адалдықты көрсетеді.

Теле бағдарламалары шынайылығымен, қарапайымдылығымен өз ойын толықтай айшықтай алатын қасиеттерімен дараланып тұрады. Тау тұлғамыздың еңбегін елі бағалады. Қаншама жетістіктер сыйлады. Асыл бейнесі ұрпақ жадында сақталары анық.

Әсіресе, кіндік қаны тамған ақсу жұрты кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауға міндетті деп ойлаймын, себебі, кез - келген шығармаларын алып қарасаңыз, ізгі ойы шежірелі туған жерінен бас-



талады. Сондай-ақ, теле бағдарламаларының тақырыбында елге бейімдегені анық көрінеді. Мысалы, «Діңгек» атты авторлық бағдарламасы соның бірден бір дәлелі.

Ел есімін елге танытатын ерлеріміз көп болсын. Болашағымыз жарқын болсын. Бай қуатты болайық ағайын.

**Қайдар ЖАҒЫПАР,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің
музыкалық жетекшісі.**

Қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлық

Жемқорлық – яғни, бұл сатып алу деген мағынаны білдіреді. Бұл мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстың іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан - таражға салу.

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттердегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік - құқықтық актілер де қабылданады. Оларға «Мемлекеттік қызмет



туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдар жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізгі-ол азаматтардың арыз-шағымы Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын бостандықтарын, абыройы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние - байлық неге керек, денсаулығының болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де, әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие болады. Біздің елімізде қазіргі заманғы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функционалды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сөз сөзінде айтарым, еліміздің қауіпсіздігіне, яғни қауіп төгдірген ірі көлемдегі жемқорлық қылмыстары үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру күшін ұйымдастыру қажет. Сонда ғана біз жемқорлық жүйесін жоюға мүмкіндігіміз болады. Осыған байланысты өлең шумақтарымен аяқтағым келіп отыр:

Ел мен жермен қашанда мақтанайық,
Болашаққа бірлікте аттанайық.
Отан сүйер ұрпақтар аман болсын,
Жемқорлықтан қоғам болып сақтанайық!

**Әсем ЕСЕНАМАНОВА,
Қызылағаш ауылдық
мәдениет үйінің директоры.**

ТІЛ САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

Қазақтың мол мұрасы қатынас құралы, сарқылмас қазынасы болған ең басты қаруы ол қазақ тілі. Әр азамат қатарлы менде тіліміз жайлы жазудан ешқашанда шаршаған емеспін., жаза беремін де. Себебі, тілі жойылған ұлттың ең әуелі өзінде жойылғанын әлемдік ақпараттан жиі байқауды.

Ғарыштап дамыған жақандану дәуіріндегі қоғам жастарының өзге еліктен, өз тілін ежіктеп кетуінен ел болып сақтауға міндеттіміз. Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық.. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен, осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге?

Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Осындай бай тілі бар біз



бақыттымыз деп ойлаймын. Кешегі өткен бабаларымыз бен даналарымызда осы тіл арқылы қаншама дауды, қарсы шыққан жауды еңсерген болатын. Сол бабаларымыздан қалған ұлан байтақ жерді сақтау біздің бұлтартпас борышымыз. Жерді сақтау үшін – ел керек, ел болу үшін – тіл керек.

Сондықтан да қазаққа тілдің орны бір бөлек деген тұжырымға келдім. Ана сүтімен берілген дара тілімізді сап алтындай одан ары құнын жоғарту өз қолымызда. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндімай», - деп дана халқымыз айтқандай барымызды бағалайық. Шуақты күніміз бен, қуатты тілімізбен болашаққа сенімді қадам болсаың. Бақытты қазақ елі аман болсын!

**Гүлбахар ЕРКІН,
Қызылағаш ауылдық мәдениет
үйінің әдіскері.**

ҰСТАЗ

Маған ұнайтын мамандық - мұғалімдік. Ұстаз балаларды оқытып білім мен тәрбие береді. Ұстаз берген білім мен тәрбиені дұрыс ұғынсақ, өскенде жақсы адам болып, өзіміз қалаған мамандық иесі боламыз. Мен болашақта ұстаз болсам деп армандаймын. Дәл өзімнің бауырмал ұстаздарым секілді жақсы білім мен тәрбие беремін. Әрине ұстаз болу - жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Қай заманда болсын ұстаздарға деген құрмет жоғары. Біздің ұстаздарға деген құрметіміз - білімге деген құрметіміз. Білім кеңістігіне кіріп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін мәселе. Бұл мәселенің кілті ұстаздарда.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстанда сондай деңгейде болады.

Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет ауыр"- деген. Ұстаз болу-жүректің батырлығы деп бағалауға болады. Ұстаз-ұлы тұлға. Қорытындылай келе, мен өзімнің мектебimde сабақ беріп жүрген ұстаздарға алғысым шексіз. Ол кісілерге әрқашан тағзым етіп өтем.

**Талшын АСАНҚЫЗЫ,
Қызылағаш негізгі орта мектебінің 6-сынып оқушысы.**

*Мақтанымшыл ауылым,
қызық ойын - сауығың*

Наурыз

Мен 1976 жылы 12 желтоқсанда, жексенбі күні сағат қаншада екені ойымда жоқ, түстен кейін Діңгек ауылында Сымхан атамның әпкесі, Несіпхан апамның үйінде дүниеге келіппін. Ол кезде әке - шешем малда. Ауылға моншаға түсуге келген ғой. Моншаға түсіп, ас тамақтарын ішіп енді қайтадан шыға бергенде анам толғатып, әкем көлік, жедел - жәрдем іздеп кеткенде, сол үйдің көршісі Құлзипа анамыз анадан - есен босандырып алып, кіндігімді өз қолымен кесіпті. Яғни, менің Құлзипа шешем нағыз кіндік шешем. Кейбіреу перзентханадан шыққан соң кіндік шеше болып аталып жатады емес пе.

Мұны неге айтып отыр деменіздер. Ендігі айтайын деп отырған әңгімем осыған байланысты. Туған ауылым, Өскен ортаммен мақтанғалы отырмын. Діңгек ауылы батырлар мен ақындардың ауылы. Кеңес Одағының батыры Н.Есеболатовтың есімімен аталады. Ақындар Ораз Жұмашев, Жамау Бұхарбаев, Нұртілеу Иманғалиұлы, Мұхаметәлі Найманханұлы, Ғабит Тұрсынбай т.б. мықты тұлғалар шыққан жер. Мен де солардың ізімен келе жатқан кейінгі толқындардың бірімін.


Енді ауылымда өткен Наурыз мерекесіне ат басын бұрайын. Ауыл азаматтарының демеушілігімен ауылда көптеген іс - шаралар өтіп жатады. Наурыз тойы сол игі шаралардың бірі. Әкімшілік және мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен он екі қанат үлкен екі киіз үй тігіліп, алтыбақан орнатылып, қазақтың ұлттық ойындары түйе палуан, қошқар көтеру (ерлер арасында), серке көтеру (әйелдер арасында) арқан тартыс, гир тасын көтеру, қол күресі, көкпар ойындарымен бірге қызықты көже ішу жарыстары да ұйымдастырылған екен. Шараға ауыл азаматтары сыйлықтай және ақшалай, қолдау көрсетіпті. Биылғы тойдың бір ерекшелігі Қызылқайың ауылына салынған асфальт жолмен 8,5 шақырымға ауыл жастары марафонға жүргені. Наурыз мерекесіне орай бұл марафон ауыл жастары арасында және 35 пен 55 жас арасында ұйымдастырылды. Жарыста 35 пен 55 жас арасында бірінші болып Т.Әбдірешұлы келсе, жастар арасында О.Ержанұлы топтың алды болып келді.

Наурыз мерекесі күннің қолайсыздығына қарамастан ойдағыдай өтті. Қошқар көтеруде де марафон жеңімпазы Олжас Ержанұлы мықтылығын көрсетіп үлкен қошқарды ең көп көтеріп, сол қошқарға ие болды. Жалпы той ауыл тұрғындарының береке - бірлік, ынтымағының арқасында керемет өтті. Шараға демеушілік көрсеткен ауыл азаматтары, ұлттық ойындардың жеңімпаздары аудандық мәслихаттың, ауыл әкімінің "Алғыс хаттарымен" марапатталды.

Дәл осы сәтте Жансүгіров ауылының атшабарында ат спортынан қазақтың ұлттық дала ойындарынан жарыс өтіп жатты. Жарысты жаңадан ашылған Ақсу ауданының бұқаралық - спорттық іс шараларды өткізу орталығы мен аудан азаматтары. Бұл жерде тағы да Діңгек ауылының жігіттерінің зор үлесі бар екенін мақтанышпен айтамын. Осы ойында да Діңгектің жігіттері мықтылықтарын танытты. Теңге ілуден III орын Асар Әмір Есеболатов ауылы, II орын Жомарт Елдос Жансугуров ауылы. Жүлделі I орынды Айбек Мұхаметқан Қызылқайың ауылы.

Аударыспақтан да I орынды Діңгек ауылынан Айбек Дәрібаев жеңіп алса, II орынды Жансүгіров ауылынан Дияс деген азамат, III орынды тағы да ауылдасмыз Білісбек Бекжан қанжығасына байлады.

Осындай жетістіктерді



көргенде жерлесіміз, алдыңғы толқын ағамыз Ғабит Тұрсынбайдың сөзіне жазылған, тағы да Діңгектің қызы, сазгер Жанар Қожағазинаның әні, орындаушы Есеболатов ауылдық клубының музыкалық жетекшісі Тайыр Жолдыбаевтың «Алға Діңгегім» әнін айқайлап айтқың келіп кетеді екен.

Тәкәппар шыңдарда жаралған, Ақсудай асылдан нәр алған. Қастерлі құт мекен Діңгектен, Биікке самғаған сан арман.

Қсы:

Алға Діңгегім асқарым,
Терең тарихың, дастаның.
Үлкенің сыйлаған,
ар - ұят жинаған,
Жасай бер жасампаз
жастарым.
Бабалар даңқымен еңселі,
Діңгегім таниды елс сені.
Ақындар, батырлар Отаны,
Жүректе сақтаймын мен сені.
Қсы:
Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Ұлы күн - жер жүзіндегі әр халық үшін өмірлеріндегі ең маңызды сәттер орын алатын өлшеусіз қадірлі күн. Ол күнді әр адам өз жүрегімен сезінеді. Қазақ халқы үшін бұл ұғым - шапағатын айырылған күн мен қырауын сүйреген қыстың мәреге теңеліп, уақыт бәйгесін бөлісуі.

Наурыз мерекесі армандарды орындаушы күн

Көктем таңы. Мұзды жарып шыққан бәйшешек күлтесіндей мұз құрсауынан босап, мұнарын көкпен ұштастырған тау шыңынан төгіле жымыңдаған күн сәулесі көз аштырмай барша әлемді құшағына сыйдыра кетті. Мұнысы қаһарын шашып, түрлі түсті әлемді ақ қыраумен көмкерген қыс күндері жер жүзіне дарыта алмай бойында әзер тұншықтыра ұстаған шуағы секілденді. Әсемдігінен айрылған ару секілді жапырақтары құраған ағаш атаулы екінші рет дүниеге келгендей жаңадан бүршік жарып, тіпті гүлденуге айналған Мекенін қимастықпен босатқан құс атаулы үйреншікті әдетімен анасынан алшақтаған ботадай боздап өз шиқылымен ерекше үн шығарып, жылы қонысынан орала бастады. Айналаңа мұқият зер салсаң, қытырлаған қар үні ендігіде тірі тіршілік үнімен алмастырылғандай күйде тұр. Құдды бір әсемдік сақшысы табиғат келбетін бір түннің ішінде безендіріп шыққанда мұңға құрсаған жүрек түпкіріне өз лебін дарытып, қайта тірілтер дерсің. Әдетте мұндай құбылыс Діңгек ауылы тұрғындарының үйреншікті көрінісі еді. Қойнауы сан ғасырларға тоғытылған Өз-Наурыз мерекесі қай қазақтың болмасын өмірінде ең елеулі орын алады. Ал біздің ауыл бұл сәтті ұмыт қалдыруы немесе шет санаулы мүмкін емес. Сондықтан көзінді тырнай ашқан сәттен үйде орын алатын қарбалас пен дамылсыз қозғалыс сенің барша жақыныңмен тес қағыстыра көрісіп, бір шаңыраққа жұдырықтай жұмылып бас қосуыңа тұрарлық дүние. Бұл күндері біздің ауыл бейнесі әдеттегіден мүлде өзгеше күйге еніп, тіршілік атаулы жандана құлпырып сала береді.

Таң сәресі еді. Күннің қытықтай дарытқан сәулелері терезе шынысынан ұрлана кіріп ұйқыға шырмалған санамды лезде жадыратты. Көзімді ашқаны сол-ақ екен мұрнымның ұшына таныс иіс тығыла кетті. Жылы көрпешемнен ытқып шықтым да дереу ас үйге беттедім... Күлтәй әжем ақ жаулығын асынып алып қызылқайы ыстық бауырсақтарын шеткі дастарқанға тіз қатар орналастырып жатса, үйдегі ең үлкен қазанда наурыз көжеге арналған быыл сүрленіп қыстан қалған ет сақырлап су түбіне сыймай жатыр. Ал қазанның бергі беткейінде біркелкі лала гүлді ыдыстарда көжеге арналған "жеті дәм" дайындалып қойылған екен. Әжеме білдірмей майдан енді шыққан үлпідек бауырсақты қолыма қыстым да үлкен үйге еніп кеттім. Алақанымды күйдірген дәмді аузыма салғанымша жаным шығып кете жаздады. Мәссаған!... Нағыз дәм деп осыны айт. Әжем қаладағы ұлы Біржан ағамды сағынып, мауқын басқысы келгенде үнемі ағамды еске алып "құлыным ауыл дәмін сағынған болар", - деп көше балаларына тіл үйіреп бауырсақтары мен кіршіксіз құртынан теңдей етіп үлестіретін.

Үйде әжем екеуімізден өзге ешкім жоқ екен. Сірә, бәрі орталыққа кеткен сияқты. Мен осы тыныштықты пайдаланып дәл осы "Ұлы күн" туралы көкейімдегі жауабы табылмаған сұрақтардың жауабын әжемнен алмаққа бекіндім.

- Әже-ау, - деп сөз бастап, - Осы жігіт елдің осы күнді тойлап келе жатқаны не мақсатта?, - деген оймен балдастырып әкеттім. Әжем даусымды естіп жүзіме күлімдей қарады да қолындағы дәмді қазанда буланып жатқан көжеге салып жіберіп мен отырған жерге жайғасты.

- Қазақ халқымен біте қайнасқан бұл күннің тарихы терең, діңгегі берік. Бұл бәйтерекке балта шаппақ болған алпауыт күштің қолынан келмеген нәрсені біздердің ұмытуымыз өзге емес өз балаңның қиянатындай болады. Сол себепті, ерқашан ауыл тұрғындарымен аманат таңын атырып сендерге миллиондаған жылдардан бері жалғасқан күнді дәріптеу,- деген мұратын ыстық - ыстық көз жасымен жеткізді. Осы кезде сырт жақтан "Аяжа-а-ан!", - деген нәзік үн естілді. Уысыма тәттілерді толтырып алып дереу сыртқа шығып дауыс шыққан жаққа беттердім. Қарасам құрбым Мадина ақша жүзімен езуі күлім тартып маған қарап тұр екен.

- Әжетай!... Мен Наурыз тойына кеттім, - деп ескерттім де, құрбыммен алаңға беттедім.

Мадинаның оюлы көйлегі мен өзінің әсем бейнесі тіптен үйлескен қалыпта. Алаңға бастар жол ортасында сан жылдық көрші болып, бала кезден бізді тәрбиесіне баулыған Сәуле, Рая, Ая, тәтелерімнің Рәзия, Нұрдана апаларымның шат шадыман көңілмен наурыз көже сапырып, қызу дайындалған тіршілігіне куә боламыз. Қонақжайлық салтын өмірлік қағидаға айналдырған аналарымыздың жолдан жолаушы көре салысымен сәлем беріп, үйге тартуы нағыз сыйластықтың қайнары дерсің. Ауыл тұрғындарының темір тұлпарларының амандығының сақшысына айналған Қайырбек атаның зәулім үйінен аса бергенде халық тойының сәнін келтіріп, әннен әсем әуен шаштырған Думан ағамның электро-күйейткішінің өзегінен тараған наурыз әні құлақ құрышын қандырды. Барша халық жиналып, сауық құрғанын байқай салысымен той-думан басталған деп тұжырымдап, сол жаққа асықтық.

...Айналаңа зер салсаң құдды бір әлемнің төрт бөлігіне тап болғандай күй кешесің. Жер мен көкті жалғай төгілген алтыбақан арқаны әп сәтте жиырмаға жуық ауыл балаларын тұла бойына сыйдырып, қыз-жігіттердің ойын-күлкісі мен ән-жырларында толды. Жалғыз қыл арқанның мұншама күшті қайдан алары көйкейіме тағы бір сұрақ болып қонды.

Ендігі бір ортада ауыл жастарын әртүрлі спорт бағыттарына баулып, олардың болашақ елдің еңселі ерлері боларына сенген Азат, Заңғар, Серік ағайларымың көк шөпті мықтылар бақ сынайтын шаршы алаңға айналдырып, нағыз жүректілердің білек күші мен намысын тексерген көрінісі. Ұлттық күресімізді құмарымыз қанғанша бақылап, аламанға қосылған тағасы құлақ жарған жылқының құлағында ойнайтын шабандоздардың көкпарына куә болып, сақаласқан жастар мен білек күшін теңестірген ағаларға және қой жануарын арқалмақ ойындарына өбден қанығамыз. Келесі бөлікте ағынан жарылған дастархандарын әзірлеген, әр бөлікті сайлап ақ отау жайған ұлағатты ұстаздар мен абзал жандар дәмін байқаймыз. Сандық ән төгілген ұлттық киімдер көрінісі, жалпы айналада орын алып жатқан оқиғаның барлығы кеудеңде қазақ ұлтына деген мақтаныш отын лаулатады. Қазақ болып дүние есігіне ашып, ата-баба негізін салған жолдармен жүріп, қазақша тәрбие алғаныңа шексіз риза боласың. Алтау ала болмай, ағайын бірлігіне құрылған бұл мерекенің өзегі осы - ынтымақ. Керегесі сөгілген елдердің жамауы болуға негіз болған өліміздің алыс - жақын, туыс - бөтен деп жұртқа белінбей іргелі ел арасын бітімге келтіретін бұл күнді қадірлемеу мүмкін емес. Шиқылдаған құстан бастап, жыбырлаған жәндік атаулының өзі тес қағыстыра сыйласқан жұрт ниетін түсінеді. Атамыздың бір болындар, бірлікте бар қасиет деуі көз алдымдығы көрініске дәл келіп тұр.

Кеш батқанша алтыбақаннан бас алмайтын ойын баласына айналу бұл күндері заңды нәрсе болатын. Артымыздан анамыз іздеп келіп, алып кетпейінше созылатын бұл балалық күндердің ең бақытты шақтары ешқашан жадымыңан сөнбейді. Жайылған ақ үстіне бата тілеп, ниетін жаудырған ел көңілі кіршіксіз ойға толған күйі уайым қайғыға ем табады. Алайда, қалың қауым арасынан өз әжемді байқамаған соң ба, әлде өзге нәрсеге алаңдағандықтан ба? Әр қазақ үйге қонақтап көже сапырған ақ жаулықты аналарымыздың асын бойымызға сіңіріп, бата алған соң бірден үйге тарттым. Әбден тойған көңілмен үйге оралғанда әжемнің тұнжыраулы бейнесі көзіме оттай басылды. Неге десеңіз, қаладағы ұлына мауқын асыл құшырлана сүюге Наурыз себепші болады деп күткен ана көңілі ақталмағандай еді. Қалың ойға шомып табалдырықта мелшиеге тұрғаным сол еді, сырттан гүрілдеген көлік үні тым жақыннан естіліп кілт тоқтады. Ана жүрегі шыдтпай далаға шыққан әжем, көлік ішінен түскен адамды көре салысымен қалтасынан орнамалын алып шығып ыстық көз жасын будақтата бастады. Ұлы күннің анаға жасаған ең асыл сыйлығы оны ұлымен қауыштыруы. Анасына еміреніп, еркелеген кішкентай баладай болған ағама үй барлық әулет болып тесіріне қарап тұрмыз. Әдетте қатал сипатқа ие адамның туған Отаны мен анасының алдында мұншалық дәрменсіз бола-рын енді ұғындық. Амандық сұрасқан соң бәріміз жайнаған төрге жиналып бүтінғанды отбасы ретінде бір шаңыраққа бас қостық. Осы оқиғадан соң мен үшін Наурыз мерекесі арман орындаушы күн ретінде есте қалды.

Аяжан ТІЛЕКТЕС.
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясының 11-сынып оқушысы.

– Академик ағамызбен көптен таныс болдыңыз. Соған орай, оқушыларға өмірі, еңбегі жайлы айта отырсаңыз.

– Иә, ғасырға жуық ғибратты ғұмырында алапат соғысты да, одан кейінгі ауыр жылдарды басынан өткізіп, бар қиындықты ақыл – ой парасаттылығымен жеңе отырып, өз дәуірінің дара дүлділі болып, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық бақытты ғұмыр кешкен Ақсулық Ақсуңқар ағамыздың нәзік жүрегі, көркем келбеті жерлестерінің мәңгі естерінде сақталары сөзсіз.

– «Ғылымда дайын тұрған даңғыл жол жоқ», – деп бастаған еді Жүрімбаек ағамыз. Баспасөз күні қарсаңындағы өзінің бір кездесуінде. Оның сәуелі биік шыңына тек қиындықтан қорықпай, соның тасты тар соқпағымен ерінбей тырысып жүріп өткендер ғана жете алады... Менің ғылым жолына түсуім бірден – ақ қиындықтан басталды. Баспана жоқ. Маңдайымнан сипап көмек ететін, мені шын мәнісінде түсіне қоятын туысым жоқ. Әлі үйленген де жоқпын.

Жұмыс аяқталысымен қаланы қыдырып жатар үй іздеймін. Табылмайды. Жатар үй, тынығар орын таппай көп қиналдым. Қалада өгей шешменнен нағашым, жоғарыда айтқан Байгерім Төтенновтың үйі бар еді. Жуытпады. Өте ыңғайсыз болса да қаладағы бір жолдасымның үйіне келіп түнеп жүрдім. Түсінемін: соғыстан кейінгі қиын жағдайда өзінің бір туысының үйінде тұратын бұл жолдасымның да жай – жағдайы мез емес.

Үй іздеп, кез келген жерден тамақтанып кеш келемін. Таңертең жеңіл – желпі тамақтанып, кешікпей жұмысқа барамын. Өзірше басшылар берген әр түрлі тапсырмаларды орындаймын. Жағдайым жақсы емес. Осыдан дәл 10 жыл бұрын, оныншы класты бітіргеннен кейінгі бір қиындық сәт басыма қайта оралды. Осындай қиындық жағдайда өз ішімнен кейде бұл араға неге келдім.

Оқу бітірісімен бір өндіріс орнына кетсем мұндай қиындық болмас па еді деп те ойлаймын. Бірақ өзіме өзім жұбаныштық етемін. Ауыр жағдайымды ешкімге білдірмеймін. Натекке кейде кездесіп қалып халымды сұраса, «жақсы» дей саламын. Ол кісіге қиналып жүргенімді несің айтпайсың, ол кісінің басынан халық жауының тұқымы деп айыпталып жүргенде бұдан да ауыр қиындықтар кешкен болар деп ойлаймын. Шыдаймын да. Қалтада артық – ауыс ақша да жоқ. Бітірген орнымнан алған ақшам тамақтануыма әрең жетеді. Аздан кейін жаңа жұмыс орнынан еңбек ақы алармын деп ойлаймын. Ол да болса көңіліме тыныштық енгізеді.

Оншақты күн өткенде бір қарапайым орыстың үйінен бір орын таптым. Айына 100 сом берем, жұмыс орнынан алыстау болса да келістім. Үй иелері жақсы адамдар. Жұмыстан кешірек келіп тәуір сөйлесеміз. Жағдайымды жақсы түсінеді. Жағдайың әлі – ақ түзеледі деп жұбаныш айтатын – ды. Ерте тұрып тамақтанып жұмысқа барамын.

Көп уақыт өтпей – ақ мені бірге жұмыс істейтін едәуір жасқа келген әлі ғылыми атағы жоқ, бірақ тәжірибелі, ашық көңілді адам Сергей Карпович Калугин деген ғалыммен екеумізді Сәтбаев шақырды деді. Оқу бітіргелі бұл үлкен мәртебелі адаммен әзірше кездесе қойған жоқ едім. Көңілім толықсып, біз отырған үйдің астыңғы қатарындағы ол кісінің конторына бардық. Алдында Калугин.

С.К.Калугин президент – директордың қабылдауында сан рет болыпты. Н.Ә.Кенесариннің көмегімен (бір кезде екеуі Ташкентте бірге оқыпты) бұл кісіден жақын арадан екі бөлмелі үй де алыпты. Ал, мен директордың осы кабинетіне алғаш келуім. Бұдан бұрын ол кісінің президенттік кабинетінде

АКАДЕМИК ЖҮРІМБЕК СЫДЫҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУ ҚАРСАҢЫНДА

Академик Жүрімбаек Сыдықов атамиздың аудандық газетпен сонау 1934 жылдан бері тығыз байланыста әрі оқырманы болғанын оқушылар, әрі көпшілік біле бермес. Соған орай, академик атамиздың 100 жылдығы қарсаңында еңбек жолын мектеп бітірісімен аудандық газетте әдеби қызметкер, облыстық «Жетісу» газетінің Ақсу ауданы бойынша меншікті тілшісі болып, кейіннен академик атындағы мектептің директоры

Ә.Сыздықбаев жас ұрпаққа академиктің өмір тарихынан керек мағлұмат беруді ұйғарып, Ұлы тұлғаны ұзақ жыл байланыста болған аудандық газеттің бұрынғы бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Дүйсен Мұхаметшарұлымен кездесу өткізді. Кездесуде журналистке бірнеше сұрақтар қойылған сұхбатты жариялап отырмыз.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.



Н.Ә.Кенесаринмен бірге 2 – 3 рет болғанмын, аздап та болса сөйлескенмін.

Аса үлкен дәрежелі ғалым – Сәтбаев бізді орнынан тұрып қарсы алды. Калугинмен қолын беріп амандасты да, ерекше жылы жүзбен маған бұрылып, қолын берді. Оқуды көңілдегідей бітіріп, институтқа орналасуыммен құттықтады (жұмысқа алу бұйрығына қол қойған өзі еді). Біздің қал – жағдайымызды сұрап білді де, не үшін шақырғанына көшті.

– Жезқазған үлкен кен орны, өндірісі де өсіп келе жатқан қала. Халқы да өсіп келеді. Бірақ қала халқы ауыз судан тапшылық көруде. Бұл арада ағынды тұщы су көзі жер бетінде жоқ. Сол арадан қалайда болса жер асты суын іздеп табу қажет, ол су табылады деген үмітім де бар, – деп бастады сөзін зор мәртебелі басшы.

– Сендердің басшыларың Н.Ә.Кенесаринмен келістім. Осы мақсатпен сендерді Жезқазғанға жіберейін деп отырымын. Бірің тәжірибелі, бірің институтты жаңа бітірген жігерлі мамандарсыңдар. Сендерге мен бұл тапсырманы көңілді түрде орындайды деп сенемін. Тезірек дайындалып, Жезқазғанға аттаныңдар. Ол арадағы кешенді геологиялық экспедицияның басшыларымен келістім. Керек болса олар сендерге тиісті көмегін береді, – деп қорытындылады сөзін президент – директор.

Тапсырма анық, қиын да, жауапты да, құрметті. Бұл арада Калугин де, мен де болмағанбыз. Жүруге тез дайындалып, институттан керекті мүлік, саймандар алып 2 – 3 жұмыскер қабылдап, жолға шықтық. Ол кезде Алматы мен Жезқазған арасында теміржол жоқ. Едәуір қиындықпен 1949 – жылдың июнь айының соңында Жезқазғанға келдік.

Жергілікті кешенді экспедицияға (Сәтбаев айтқан) бардық. Бұл экспедицияның 1941 – жылға (соғыс басталғанға) дейін Сәтбаев өзі құрып, 15 жыл басқарған. Қазақстандағы ең ірі геологиялық экспедиция. Өзі Алматыға жұмысқа кетерінде өзінің орнына сенімді шәкірті, сол кездегі жас геолог Василий Степанович Штифановты экспедиция басшысы етіп келісіп, белгіліп кеткен.

Міне, сол басшы және басқалар бізді жақсы қарсы алды. Экспедицияның материалдарымен таныстық. Жер асты сулары жөнінде ешбір дерек жоқ болып шықты. Біз бар материалдармен таныстық та өз жұмысымызды қалаға жақын (7 км.) арадағы палеозой тау жыныс - тары жер бетіне жақын жатқан Жанай де-

ген жотадан бастайық деген қорытындыға келдік.

Келесі айдың басында Жанай жотасында палатка тігіп, іске кірістік. Топокарта арқылы жотаны жақын – жақын бірнеше сызыққа бөліп, Калугин екеуміз жеке – жеке дем алмай 2 – 3 ай күні бойы жаяулап маршрут жасадық.

Соның нәтижесінде жотаның алғашқы геологиялық картасы жасалып, оны көлдеу және тік бағыттарда екі тектоникалық жарық кесіп өтетінін анықтадық. Осы екі тектоникалық жарықтар бойында онша терең емес сай пайда болатынын, ал олардың қиылысқан жері тым ылғалды, басқа жерлерге қарағанда едәуір қалың жаз аяғында көк шөп өсіп тұрғанын көрдік. Бұл жер асты суының белгісі. Осы жайды ескеріп, сол арадан скважина қазу керек болар деген қорытындыға келдік. Бұл пікіріміз жайында экспедиция мамандарының арасында баяндама жасап (өзіміз жасаған геологиялық картаға сүйене, көрсете отырып) әлгі өзіміз белгілеген жерден бір скважина қазуды негіздедік. Ұсынысымыз қолдау тапты. Көп кешікпей экспедиция бұл арадан скважина қазды.

Құдай қолдап, ұсынысымыз оң болып шықты! 200 м. – ден аса бере тереңдіктен скважинадан атқылама тұщы жер асты суы алынды. Атқылама су едәуір өнімді болды. Тереңдеген сайын оның өнімі молая түсуге тиісті. Скважинаның атқылама суы бұл маңды басып кетті. Қуанышымызда шек болмады.

Бір – екі ай болмай – ақ скважинадан атқылаған мол тұщы суды көруге экспедиция басшылары, тіпті қаладағы руда комбинатының да басшысы көріп, олар да біздің қуанышымызды бөлісті.

Суға деген сенімді тұрақтандыру мақсатында экспедициядан сол маңнан екінші скважина қазуды сұрадық. Бұл ұсынысымызды да қабыл алды. Қазылған ол скважинадан да мол өнімді атқылама тұщы су алынды. Екі скважинадан алынған атқылама судан бұл арадағы сайдан аздаған өзеншік пайда болды.

Сөйтіп, бұл арада мол жер асты су көзі бар деген біздің пікіріміз тұрақты түрде дәлелденді. Бізге, экспедицияға, судан тапшылық көріп отырған қалаға бұл қуанышты хабар Алматыға, Сәтбаевқа жеткізілді. Ол арада да қуаныш. Бұл бүкіл Жезқазған – Ұлытау аймағында жаңалық болды.

Бұл жаңалық осындай құрылымдардан басқа аралар-

дан да су табуға болады деген үміт туғызды. Көп ұзамай скважиналардан қалаға қарай су құбыры салына бастады.

Атқарылған қуанышты жұмыстың алғашқы қорытындысы шығарылды да Н.Ә.Кенесариннің шақыруымен мен Алматыға қайтпақ болдым. С.К.Калугин жұмысты жалғастыруға бұл арада қалды.

Мені Жезқазғаннан Жусалы стансасына (400 км. – дей жерге) дейін машинасымен В.П. Штифановтың өзі шығарып салып, тіпті жол ақысын да өзі төлеп пойызға отырғызып жіберді.

– Қиындықты көп көрген ағамыздың алғаш шаңырақ көтеруі жайлы қандай сыр шертер едіңіз?

– Тектілік тектілікті қуады демекші текті ағамыздың мына бір әңгімесі есімде сақталып қалыпты.

– Мен Маймұнамен 1944 – жылы оқуға түскеннен кейін, сол жылы КазПИ – ге оқуға түскен, ол қызбен жатақханада бірге тұрған менімен туыстығы бар жақын жерлес қыз Дінәтай Іңкәрбаева арқылы барып жүріп таныстым. Мінезі де, оқуы да, түрі де, тәуір, бірге оқитын қыздармен қарым – қатынасы да жақсы екен, – деп бастаған еді әңгімесін ардагер ағамыз. Бұл қызбен ол институтты бітіргенше, 4 жыл бойы, мен жақын туыстай тату – тәтті жолдас болдым. Кинотеатрларға да бірге барып жүрдік. Бірімізді біріміз жақсы сыйластық. Оқуды бұл қыз өте жақсы бағалармен бітіріп, 1948 жылы (менен бір жыл бұрын) Шуға ата – анасы тұрған жерге кетерде шығарып салып, оған мен мынандай өлең жолдарын жазып берген едім:

Біраз жыл таныс болдық
Сенімен біз,
Қатты сөз айтылмады
жыртылып жүз.

Ақыры ажырасар
кез келген соң –
Қалдырайын шимайлап
көңілден із.

Сен қайдансың, мен қайдан
табиғат қой,
Көңіл қосып, татулықпен
жүргізген бой.

Кешірерсің, өтінем қатам болса –
Сен туралы болмады
менде басқа ой.

Есінде ұста, ұмытпа татулықты,
Адамсың ғой, меніңше
затың мықты.

Хат жазып, амандықты
білгізерлік,
Ең болмаса қиярсың бір сөз тіпті.
Аман бол, қайда барсаң

айтарым сол,
Бақыт артып, өмірге
өрлесін мол.

Сталиндік дәуірдің ұрпақтарын –
Өсіріп тәрбиеле неғұрлым мол.

Бұл арада ол қызбен, бұрындағыдай, үйленейік деген сөз болмаған еді. Бірақ, ол Алматыдан Шуға кетісімен, менде келешек біреумен бас қосу керек деген ой туды. Әркімді еске түсіріп, көп ойландым, маған осы қыздан артық адам табыла қоймас деген қорытындыға келдім. Артынан өзі жақсы білетін жағдайларымның бәрін айтып, екеуміз өмірлік бас қосайық, тезірек жауабын білдір деп хат жібердім. Ол да көп ойланып, әке – шешесімен, бұрын үйленген апасы Даниямен (әлгі Чормановтың жұбайы) маған «мақұл» деген ойын білдірген хатын алдым. Міне, содан бері бір жыл өтті. Хатпен хабарласып тұрамыз. Шуда менің тоқтап, ол қызбен жүзбе – жүз әңгімелесуіміздің себебі де бас қосу жайында еді... Осылайша жас отауымызды құрып, шаңырақ көтердік. Артынша аспирантураға құжаттарымды тапсырып, үш емтиханнан да ойдағыдай өтіп, Қ.И.Сәтбаевтың қол қоюымен 1949 жылдың 1 – ноябрінен бастап аспирантураға алындым. Бір жағынан Жезқазғандағы қызметкердің жарты жалақысын алып тұратын болдым. Сөйтіп ғылымға деген алғашқы қадамым біраз қиындықтар соңында осылайша оң болып шықты, – деп толғана отырып әңгімесін аяқтаған еді.

– Енді академик ағамыздың аудандық газетпен қалайша тығыз байланысты болғаны және соңғы кездесуіңіз жайлы білгеніміз де жөн шығар.

– Иә, Ақсудан ұшқан ақсуңқар академик, геологминералогия ғылымдарының докторы, профессор, Республикаға еңбегі сіңген ғылым қайраткері Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" Жүрімбаек Сыдықов кезекті бір емен – жарқын кездесуімде ел – жұрттың хал – жағдайын сұрастырып, «Ақсу өңірі» газетінің 80 – жылдық мерейлі мерекесімен құттықтап, балалық шағын еске ала отырып, мынадай әңгімесін айтып берген еді ардагер ағамыз.

– 1934 жылы 1 - ші қазанда аудандық «Ленин жолы» газеті жарық көретін болды. Ол кезде мен аудан орталығы осы Ақсудағы мектеп интернатының 6 класында оқып жүргенмін. Мектептегі қабырға газеттерін шығарып, түрлі мерекелерге лозунглер жаздыратын. Жазуым әдемі, көркем болса керек. Газеттің алғашқы нөмірі шығарда мені редакцияға шақырып алды да «Ленин жолы» деп үлкендеу әріптермен жаздырды. Жазуым дұрыс болған тәрізді. Бұл енді аудандық газеттің тұңғыш нөмірінің басына баспаханада басылып жазылады, – деді газеттегі үлкен ағаларымыз.

Біздер бүкіл оқушылар болып газетті тосып жүрдік. Сөйтіп, алғашқы нөмірде жарық көріп, менің қолтаңбам осылайша газет бетінде қалды. Сол күннен бастап аудандық газет мен үшін өмірімнен өшпес орын алып келеді. Мен өзімнің газеттің тұңғыш нөміріне атсалысқанымна қуаныштымын, әрі бақытты сезінемін. Сондықтан да 80 жылдық ғұмыры бар газеттің ғибратты жолы ғасырларға ұлассын, – демекпін.

Бізге газет қызметкерлері атынан Ақсудың академигіне газеттің 80 жылдық мерейлі күніне байланысты зор денсаулық, отбасына амандық, ізгілік, жақсылық тілеген едік.

Өрине, ол кезде ардагер ағамызбен бұл соңғы кездесу, соңғы сұхбаттасу екенін аңғармадық. Енді міне сол кездегі әңгімемізді оқырмандарға, оқушыларға жеткізіп отырмыз.

Кездесудегі мазмұнды әңгімеңізге рахмет.

Дүйсен МҰҚАМЕТШАРҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы"

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Алматы облысы бойынша соңғы жылдары ауа райының климаттық өзгерістеріне байланысты көктемгі-жазғы вегетациялық кезеңде су ресурстарының тапшылығы, өзен арналарындағы су деңгейі төмендеп, жер үсті су көздерінің шамадан тыс азаюы айқын байқалуда. Жалпы суармалы алқаптардың толыққанды сумен қамтамасыз етілуі 95% таудағы мұздықтардың және қардың еруіне тікелей байланысты болса, қалған 5% қалыпты тұрақты деңгейде су қоймаларына жинақталған су қорынан алатынын атап көрсетемін.

Орта Азияны бассейндері мен өзендерінің гидрогеологиялық жылнамасы бойынша «Ақсу» өзені арнасындағы судың деңгейі орташа есеппен V-ші айда 10,6 м3./сек. VI-шы айда 14,2 м3./сек. VII-ші айда 16,3 м3./сек. VIII-ші айда 19,6 м3./сек. болуы керек. Судың ең көп мөлшері (наибольший) V-ші айда 35,4 м3./сек. VI-шы айда 25,1 м3./сек. VII-ші айда 25,4 м3./сек. VIII-ші айда 35,4 м3./сек. деңгейіне дейін жетеді.

2021 жылдың шілде айында судың деңгейі 13 м3./сек. өзгеріп отыр.

«Бүйен» өзені арнасындағы судың деңгейі орташа есеппен V-ші айда 4,47 м3./сек. VI-шы айда 6,37 м3./сек. VII-ші айда 8,87 м3./сек. VIII-ші айда 9,6 м3./сек. болуы керек. Судың ең көп мөлшері (наибольший) V-ші айда 15,3 м3./сек. VI-шы айда 13,9 м3./сек. VII-ші айда 15,7 м3./сек. VIII-ші айда 21,5 м3./сек. деңгейіне дейін жетеді. Көзіргі кезде аталған өзен арнасындағы судың деңгейі 2,5 м3./сек. -ғана құрап отыр.

«Қазгидромет» мекемесінің 2022 жылға арналған маусымдық болжауларына сәйкес ағымдағы жылы жауын-шашынның (осадки) түсуі қалыпты жағдайдан 16-38% аз. Осы орнын алып отырған табиғи құбылыстарға сай суармалы егістіктерді суаруға межеленген су тапшылығының қайталану мүмкіндігінің зор екендігіне тоқталамын, себебі қыс кезінде қар жауған жоқ, аталған үрдіс қар қорының қалыпты жағдайда қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Аталған жағдайлардың алдын алу мақсатында біздің мекеме тарапынан ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп отырып, ауылшаруашылығы тауар өндірушілері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, дикандаларға біртіндеп тамшылатып, жаңбырлатып (капельное, дождевальное) және басқа да суарудың озық технологияларына көшу жөнінде ұсыныс жасалады. Сонымен қатар, ауыспалы егістікті (севооборот) қатаң сақтау, монодақылдарды себуди барынша азайту, ылғалды көп қажет ететін дақылдарды тек суға қолжетімді жерге егу, топырақтың құнарлылығын арттыру және өнімділікті арттыру үшін топырақтың тамыр қабатындағы ылғал қорын арттыру мақсатында қара жерді белсенді түрде ылғалдандыру (әсіресе көктемде) маңызды екенін назарларыңызға ұсынамын.

Суармалы суды тиімді пайдалануда бірқатар агрономиялық іс-шаралар жүзеге асырылуы қажет. Мысалы: егістіктердің суару аландарын тегістеу (планировка), егістіктердің, борозданың ұзындығының есепке алынуы, егістік алқабында сушының болуы және тунг суды ысырапсыз пайдалану сияқты шаралар мұлтсіз орындалуы керек. Суару кестесі (режим орошения) бойынша көпжылдық шөпті 11 сәуірден 30 сәуір аралығында, күздік бидайды 16 сәуірден 15 мамыр аралығында суару қажеттілігіне тоқталамын. Су ысырабын азайту үшін шаруашылықаралық және ішкі шаруашылық тоғандарын механизацияланған тазарту жұмыстары барлық ауылшаруашылығы өнім өндірушілері үшін негізгі дайындық жұмыстары болып табылатынын естен шығармайық.

Болашақта, қарды ұстау (снегозадержание) булануды азайту, топырақ эрозиясы мен жыралардың өсуін болдырмау арқылы топырақтың су режимін жақсарту мақсатында орман екпелерін (лесополоса) отырғызу мәселелерін де үнемі естен шығармайық.

«ҚАЗСУШАР» РМК АҚСУ ӨНДІРУШІЛІК УЧАСКЕСІ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

11.04.2022 ж. бастап 25.04.2022 ж. дейін БЭП сайтында <http://ecoportal.kz> / "Алматы облысының Ақсу ауданындағы "Безымянное" кварц-дала шпатты жыныстар (ОПИ) кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспары" жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Безымянное" ЖШС, БСН 170240005030, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Н.Щорс көшесі, 33-үй. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжайы: тел. +7 701 520 1053, e-mail: 7015201053@mail.ru. жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat>, "Қоғамдық тыңдау" бөлімінде танысуға болады.

Әзірлеуші "Курманғалиев Р.А." ЖК, тел. 87012775623. Жергілікті атқарушы орган: "Алматы облысы бойынша табиғи ресурстар басқармасы" ММ, тел.: 8(7282) 32-92-67.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 11.04.2022г по 25.04.2022 г на сайте ЕЭП <http://ecoportal.kz> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий недропользования месторождения кварц-полевошпатовых пород (ОПИ) «Безымянный», в Аксуском районе Алматинской области».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Безымянное», БИН 170240005030, Алматинская область, г.Талдықорған, улица Н.Щорса, дом 33. Контактный и электронный адрес по которым можно получить дополнительную инфор-

мацию: тел. +7 701 520 1053, e-mail: 7015201053@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat>.

Разработчик ИП «Курманғалиев Р.А.», тел. 87012775623. Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов по Алматинской области», тел.8(7282) 32-92-67.

А.С.УДОД, директор ТОО «Безымянное».

Аудан тұрғындары назарына!



ШҰҒЫЛ ОТАҒА

Қаражат керек
Көмектесулеріңізді сұраймыз!

Диагноз: (Хроническая почечная недостаточность 5 стадия)



Көбесов Айбек

Қажетті қаражат мөлшері

Реквизиты

Каспi карта: 4400 4301 5991 2432
8778 744 50 58 Айгерім К
Halyk карта: 4405 6397 5872 0369
8778 744 50 58

40 000 000 тг

Терроризм - адамзатқа төнген қауіп

«Терроризм» -- (террор-қорқыныш, үрей, «зорлық - зомбылық», «үрей туғызу», қорқыныш жылату) күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау, немесе жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін - өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы. Терроризмнің кездеген мақсаты – қоғам қауіпсіздігін тәркі ету. Яғни, адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтіру. Сонымен қатар мұны көп объектілі қылмыс түріне жатқызады. Мемлекеттің билігін күйретуге әсер ететін, бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе - ол терроризм. Қазіргі уақытта терроризм мен экстремизмнің таралу қауіпі еліміздің қауіпсіздігіне төнетін шынайы қауіпке айналып отыр және осы заманғы саяси - әлеуметтік тамыры тереңге тартқан қауіпті құбылыстың бірі, ең өзекті мәселе болып табылады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық - зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Қазақстан республикасындағы лаңкестікке қарсы күрестің, құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайында мағлұмат беру, терроризмнің түрлері, салдары және зардаптарын ұғындыру, терроризм туралы терең түсінік беру, террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу керек екенін түсіндіру мақсатында, Ақсу ауылдық округі мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, «Терроризм - адамзатқа төнген қауіп» тақырыбында ақпараттық - танымдық сағат өткізілді. Шараға қатысушылар көкейде жүрген



сауалдарын қойып, қажетті жауаптарын алды. Өскелең ұрпаққа, ауыл тұрғындарына бейбітшіліктің маңызын, мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру, өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу-бәріміздің ортақ мақсатымыз. Мұндай шаралардың өткізілуі – өскелең ұрпақтың, әсіресе жастардың, басқа да ауыл тұрғындарының діни сауаттылығын арттыруға зор үлес қосатынына сенімдімін. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» - деген залқымызда нақыл сөз бар... Сол себепті туған елімізді сүйіп, дін, өркениет, толеранттылық, болашақ жайлы дұрыс түсінік қалыптасса ғана, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу - терроризмнің алдын-алуға болады деп ойлаймын. Біздер Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде осы террористік, экстремистік әрекеттердің алдын-алуға үлес қосуымыз керек.

Сау болайық, сақ болайық!
Айбек КЕЛЕБАТЫРОВ,
Ақсу ауылдық округі мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Жоңғар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығымен бекітілген «Ағаш кесу билеті мен орман билеттерінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 3-тарауы 13-1, 13-2, және 13-3 тармақтарымен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №128 бұйрығымен толықтырылды.

Осыған орай, «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және

заңды тұлғалар мемлекеттік орман иеленушілерге осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не www.egov.kz «электронды үкімет» веб-порталы арқылы жүгіне алады. «Жоңғар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке және заңды тұлғаларға орманды жанама пайдалану бойынша электронды түрде қызмет көрсетеді.

Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 шілдедегі №34-175 шешімі бойынша Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалануға арналған төлемақысының мөлшерлемері

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Теңге
Малдың 1 басын жаю үшін төлемақы			
1	Ірі қара мал	бас	135
2	Жылқы	бас	180
3	қой	бас	34
4	ара ұяларын орналастыру	дана	257

Мекен - жайы: «Жоңғар орман шаруашылығы» КММ-сі. Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Аққайың көшесі, №1 үй.
Телефон: 8(72832)-3-15-39

С.РАХЫМБЕРГЕНОВ,
«Жоңғар орман шаруашылығы» КММ бас инженері.

«Келісiлдi»
Асу ауданы әкiмiнiң орынбасары
С.Құсмолдин
« _____ » _____ 2022 ж.

«Бекiтемiн»
«Асу ауданының ауылшаруашылығы мен Жер қатынастары бөлiмi» Мемлекеттiк мекемесiнiң басшысы
Қ. Бекбатыров
« _____ » _____ 2022 ж.

2022 ЖЫЛҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТКІЗУ

Ақсу ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен ауылшаруашылық, мелiorациялық және жол-құрылысы машиналарымен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау төмендегі кесте бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлғалар машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге мынадай құжаттарды ұсынады:

- заңды тұлға (не оның оның сенім хат бойынша өкілі)
 - 1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
 - 2) Теңгерімде тұрған машиналардың тізімі (маркасы, моделі, заводтық нөмірі, мемлекеттік нөмір белгісін көрсетіп)
 - 3) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)
- Жеке тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:
- жеке тұлға (не оның оның сенім хат бойынша өкілі)
 - 1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
 - 2) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

№	Округтер атауы	Жауапты қызметкердің аты-жөні	Қызмет телефон нөмірі	Өткізілетін мерзімі
1	Есеболатов	Нұрахметов Б.Т.	2-93-59	08.04.2022 сағ. 09-11
2	Қарасу	Баймәди О.	2-93-30	12.04.2022 сағ. 14-16
3	Б.Сырттанов	Ермуханбетов Б.	50-1-94	15.04.2022 сағ. 09-11
3	Қарашілік	Какимбаев Н..	5-01-01	15.04.2022 сағ.14-16
4	Қызылағаш	Самихов А.	28-0-08	19.04.2022 сағ. 09-11
5	Қарақөз	Көпелбаев Д.	2-93-83	21.04.2022 сағ. 09-11
7	Жаңалық	Мусанов Б.	2-71-86	21.04.2022 сағ. 14-16
8	Ақсу	Байжұманов С.	24-1-50	22.04.2022. сағ 09-11
9	Ойтоған	Берикова В.	27-0-06	22.04.2022 сағ. 14-16
10	Қапал	Ерекенов Н.Е.	3-12-50	26.04.2022 сағ. 09-11
11	Көшкентал	Алдабергенов О.	5-10-60	26.04.2022 сағ. 14-16
12	Арасан	Жакупов Д.	30-1-24	28.04.2022 сағ. 09-11
13	Суықсай	Коньров К.	5-20-40	28.04.2022 сағ. 14-16
14	Молалы	Даутбеков С.	2-81-22	29.04.2022 сағ. 09-11
15	Матай	Мусагулов Р.	2-34-87	29.04.2022 сағ. 14-15
16	Егінсу	Крыкбаев Д.	2-81-77	29.04.2022 сағ. 16-17
17	Жансүгіров	Мусабаланов И.	2-25-50	05.05.2022 сағ 09-11

Жоғарыда аталған округтердің әкімдері және ұжым жетекшілері, Үкімет тарапынан көрсетіліп отырған жеңілдікті пайдалану үшін ұйымдастыру жұмыстарын жоғары сапада жүргізу ескертіледі.

Қуаныш ТІЛЕУБАЕВ,
«Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-нің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарын жүргізу маманы.

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ – ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



да дүрбелеу туғызу, жазықсыз жандардың жанын қию әрекеттері жатады. Терроризмнің сондай-ақ криминалдық және идеологиялық түрлері де бар.

Қазақстанда экстремизм мен терроризммен күреске айрықша көңіл бөледі. Елімізде экстремизмнің діни сипаттағы бағыты кеңірек таралып, мемлекеттік деңгейде түрлі шулы оқиғалардың себебі де болғанын қағысы білеміз.

Сондай-ақ, көп жылдан бері Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік шаралары ұйымы сияқты халықаралық ұйымдар аясында терроризмнің халықаралық деңгейдегі таралуына қарсы операцияларға ұдайы қатысуда. Ирактағы соғыста қазақстандық Қазбат сарбаздары да қатысып, жарылғыш заттарды залалсыздандыру жұмыстары атсалысты.

Терроризммен күрес кешенді түрдегі операциялар арқылы іске асады. Мысалы террористік ұйымдардың көпшілігі есірткі саудасы арқылы қаржыландырылып отырады. Сондықтан терроризммен күрестің маңызды бөлігі халықаралық есірткі саудасын тоқтату амадларында жатыр. Оның ішінде Қазақстан аумағы Ауғанстаннан Еуропаға тасымалданатын есірткінің негізгі транзит жолдарының бірі саналатындықтан біздің елімізге осы бағыттағы жұмыстарды үнемі дамытып, қауіпсіздік шараларын ұдайы күшейтіп отырғаны абзал.

Қазақстанда Ұлттық қауіпсіздік комитеті жетекшілік ететін Терроризмге қарсы орталық, жергілікті атқарушы органдар жанында облыс және қала әкімдері төрағалық ететін Терроризмге қарсы комиссиялар қызмет етеді. Аталған құрылымдарға елдегі мүдделі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар енгізіліп, мемлекет аумағындағы радикалды экстремизмнің алдын алу, профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде іске асыру, террористік іс-әрекеттерге қарсы қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру сынды маңызды жұмыстарды үйлестірумен айналысады.

Аталған құрылымдардың жұмысы көзге көрініп, БАҚ беттерінде ашық жазылмағанымен, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында маңызды бастамалар мен іс-шаралардың ұйытқысы болуда. Қорыта келгенде, бір ұлттың емес тұтас әлемнің бас ауруына айналған экстремизм мен терроризммен күрес еш уақытта толастамақ емес. Өйткені, бұл жұмыстың астарында әлемдегі ең басты құндылық – адамның өмірі, оның бостандығы мен қауіпсіздігі жатыр.

Тіл - білімнің атасы



Биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде және елімізде атап өтеді. Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынұлы ерекше тұлға, ол мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы.

2022 жылғы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары бүкіл ел болып оқу бір ауыздан қолдау тапты.

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқуға ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары ұсынылды.

1. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы»,
2. «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары»,
3. «Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөздері»,
4. «Қазіргі заманғы ахметтану ғылымы».

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ халқының бақытты болашағы үшін өз өмірін қиған ақын, түркітанушы ғалым, аудармашы, педагог, публицист және өз Отанының нағыз патриоты. Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынұлы ерекше тұлға, ол мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен сұғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Осыған орай Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында "Тіл - білімнің атасы" атты ақпарат сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты - қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянымен, қоғамдық қызметімен және ақындық шығармашылығымен таныстыру болып табылады.

Біздің келешек ұрпақ алдында парызымыз ұлы тұлғаның баға жетпес мол мұрасын жас дарындардың санасына сіңіру, жас өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рухты дарыту, еңбектерін ұрпаққа жеткізу және ХХ ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшыларының бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы - өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға екенін насихаттау.

Рухани жаңғыру - дәуір талабына сай жаңғыру



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында алға қойған міндеттер өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық - сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Рухани жаңғыру, Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игіліктердің бірі. Ол адамның Отан игілігі үшін қызмет етуінен, қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді. әңгіме болып

отырған мәселенің маңыздылығы соңғ уақыттары «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» деген тақырыптардың жиі-жиі терілуінен - ақ аңғарылса керек.

Осыған орай, Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында "Рухани жаңғыру-дәуір талабына сай жаңғыру" атты сторителлинг ұйымдастырылды. Мақсаты - "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласының негізгі идеялары мен басым бағыттарын айқындау. Оқырмандарды өз елін, тарихын білуге, жалпы адамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау, білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу, ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.

Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

ТАРИХТАН СЫР ТАРТҚАН ЖАҢА ӘЛІПБИ

Ұлт жанашыры, ағартушы-педагог А.Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – оның тілі» деген. Сондықтан да латын графикасына көшуді – уақыт талабы деп толықтай айтуымызға болады.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажеттігін атап өтті.

Бұл жазу – елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білеміз. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда 10 жылдай уақыт салтанат құрды. Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілісе алмаймыз. Себебі латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады. Яғни болашағы зор. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

Осыған орай, Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында "Тарихтан сыр тартқан жаңа әліпби" атты танымдық сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: "Рухани жаңғыруды" сипаттау, патриоттық сананы ояту. Латын әліпбиін меңгеруге шақыру. Рухани жаңғыру, латын әліпбиіне көшу – табысты ел болуымыздың кепілі екенін ұғындыру. «Латын әліпбиі - ХХІ ғасырдың ғылыми және білім беру тілінің негізі» екенін ескере отырып, латын әліпбиін терең меңгерейік! Латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың болашағы үшін маңызды. Мұны тіл тазалығын сақтау жолындағы үлкен шешім деуге болар. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың бас кезінде ата-бабамыз қолданған латын әліпбиіне қайта оралу деп білеміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл». – дейді дана халқымыз. Елбасы саясатын қолдап, ұлт болашағына жасалған ұлы қадамды көп болып қолдайық!

Ел мүддесі үшін заман талабына сай жасалған ізгі қадамға ақ жол тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, болашағымыз жарқын болғай!



Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажеттігін атап өтті.

Бұл жазу – елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білеміз. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда 10 жылдай уақыт салтанат құрды. Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілісе алмаймыз. Себебі латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады. Яғни болашағы зор. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

Осыған орай, Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында "Тарихтан сыр тартқан жаңа әліпби" атты танымдық сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: "Рухани жаңғыруды" сипаттау, патриоттық сананы ояту. Латын әліпбиін меңгеруге шақыру. Рухани жаңғыру, латын әліпбиіне көшу – табысты ел болуымыздың кепілі екенін ұғындыру. «Латын әліпбиі - ХХІ ғасырдың ғылыми және білім беру тілінің негізі» екенін ескере отырып, латын әліпбиін терең меңгерейік! Латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың болашағы үшін маңызды. Мұны тіл тазалығын сақтау жолындағы үлкен шешім деуге болар. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың бас кезінде ата-бабамыз қолданған латын әліпбиіне қайта оралу деп білеміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл». – дейді дана халқымыз. Елбасы саясатын қолдап, ұлт болашағына жасалған ұлы қадамды көп болып қолдайық!

Ел мүддесі үшін заман талабына сай жасалған ізгі қадамға ақ жол тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, болашағымыз жарқын болғай!

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі,
Б.Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Республикасының N 416-І Заңында «Күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы терроризм» екендігі туралы анықтама берілген.

Экстремизмнің түрі, бағыты бірнеше. Олардың негізгілері ретінде ұлттық, саяси және діни мақсатты көздейтін жымсықы әрекеттерді атауға болады. Ұлттық экстремизм деп өз ұлтын «сақтау», оның мәдени, экономикалық құндылықтарын «қорғау» сылтауымен өзгелердің құндылықтарына зиян тигізу, қауіп төндіру әрекеті танылады. Ал саяси экстремизм ретінде қоғамдық заңдылықтар негізінде қалыптасқан жүйені күшпен алмастыруды көздейтін әрекеттер саналады. Әлемде, оның ішінде Қазақстанда кең таралған және көп айтылатын діни экстремизм түріне діни қағидалар аясында өзге дін немесе сенім өкілдеріне, сондай-ақ дінге сенбеуші азаматтарға өз сенімін күшпен тықпалау немесе соған сәйкес әрекеттерге бару іс-қимылы жатады.

Терроризмнің де бірнеше түрі бар. Оның ішінде этникалық терроризм адамның ұлтына, этникалық түріне қарсы жасалған қылмыс түрі. Мұны кейде нәсілшілдік пиғылының нәтижесі деп те атап жатады. Этникалық терроризмге күрдтердің Түркиядағы, шешен содырларының Ресей аймағындағы бірнеше террорлық актілері т.б. мысал бола алады. Діни терроризмге діни идеологияның ықпалымен өзге дін өкілдеріне немесе мемлекеттік құрылымдық жүйелерге қарсы радикалды іс-қимыл түрі жатады. Бұған Қазақстанда да орын алған бірнеше радикалды топтардың құқық қорғау органдарымен арада болған қарулы қақтығыстарын мысал ретінде атап көрсетуге болады. Діни терроризм түріне діни канондарды бұрмалау арқылы адамдарды радикалдандыру және осы әрекетпен жұрт арасын-

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып

табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет –

бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге таппаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Сания УНГАРОВА,
Кеңжыра ауылдық клуб меңгерушісі.

РАМАЗАН АЙЫ ҚУТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Барлық мақтау мен мадақ Әлемдердің Раббысы Алла тағалаға болсын! Иісі мұсылман асыға күткен қасиетті Рамазан айына аман - есен жеткенімізге жаратқан Иемізге сансыз шүкірлік етеміз.

Құрметті мұсылман бауырлар, жерлестер!

Баршаңызды мұбәрақ Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір отбасыға Рамазан айының молшылығы мен берекетіне бөленуді тілеймін. Рамазан – жақсылықта жарысатын ай. Оразада әрбір игі амалдың сауабы еселеніп жазылады. Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...», – деп

оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған.

Биыл – Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. Рамазан айы 30 күн болады. 2 мамыр – Ораза айт күні. Сәуір айының 27-нен - 28-не қараған түн – Қадір түні. Тарауих намазы 1 сәуір күні басталып, 30 сәуір күні аяқталады. Пітір садақа мөлшері – 500 теңге болып белгіленді.

Құрметті мұсылман қауым! Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын! Алла тағала баршамаңызды шынайы ықыласпен ораза ұстаушылар санатына қосып, жәннаттың Райхан есігінен кіруімізді нәсіп еткелі!

Анарбай ТАСБОЛАТҰЛЫ,
аудандық мешіттің бас имамы.

Әзербайжан ақ тілегі...

Балаларым, немерем – Мадияр мен келінім Лаура және шөберем Анисаның туған күндерін өтті. Осы балапандарымды туған күндерімен құттықтауға Алланың өзіме өмір бергеніне ризамын.

Жансүгіров ауылындағы Қалилаханов көшесі, №4 үйдің тұрғынымын.

Кезінде аудандық тұтынушылар қоғамында сауда саласында есепші болып қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққанмын. Ұлдарым мен қыздарымнан немере – шөбере сүйіп отырған ардақты әжемін. «Күміс алқа» таққан Батыр анамын.

Бала кезімде Отан соғысында тылда еңбек етіп, өсіп тұрған бидайдың масағын теріп, басқа да жұмыстар жасағанбыз. Еңбегім үшін алған медальдарым да жеткілікті.

Алла сендерге ең алдымен мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін. Аспандарын ашық, жүздерің жарқын, отбастарыңа амандық, әр күндері

жүздеріңнен шуақ кетпей, ғұмыр бойы мез – мәйрам болып, қуанышты тоймен жүре беріңдер. Табысты, жеткілікті жұмыс тілеймін. 26 наурызда немерем Мадияр 31 жасқа толса, 21 наурызда келінім Лаура 27 жасқа толды. Ал, шөберем Аниса бір айдан кейін 1 жасқа толады. Осы апа деуге жараған шөберемнің жасы ұзақ, денсаулығы мықты болып, жүгіріп жүрген қызығын көруге Алла нәсіп етсін. Артынан ерген інілері, сіңлілері болуын тілеймін.

Сендерді шын жүректен осы аудандық «Ақсу өңірі» газеті арқылы құттықтап, аналық алғысымды білдіремін.

Менің бұл тілегіме анаң - Бақытгүл, ағаларың Ақан, Қайрат, женгең - Нұржан және қарындасың Әсия мен бауырың Махмұтта қосылады.

Апаларың – Өкей ОРМАНОВА,
зейнеткер.

2022 жылға арналған ораза кестесі

РАМАЗАН АЙЫ	АЙТТА КҮНДЕРІ	СӘУІР ЖӘНЕ МАМЫР	ТАҢ (СӨЙСІС СӨЙТІС) УАҚЫТЫ	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (АҚШАМ) УАҚЫТЫ	ҚҰПТАН
1	Сенбі	2 Сәуір	05:03	06:23	12:53	17:23	19:18	20:39
2	Жексенбі	3 Сәуір	05:01	06:21	12:53	17:24	19:19	20:40
3	Дүйсенбі	4 Сәуір	04:59	06:19	12:53	17:24	19:21	20:42
4	Сейсенбі	5 Сәуір	04:56	06:17	12:52	17:25	19:22	20:43
5	Сәрсенбі	6 Сәуір	04:54	06:16	12:52	17:26	19:23	20:45
6	Бейсенбі	7 Сәуір	04:52	06:14	12:52	17:27	19:24	20:46
7	Жұма	8 Сәуір	04:50	06:12	12:51	17:28	19:26	20:48
8	Сенбі	9 Сәуір	04:48	06:10	12:51	17:29	19:27	20:49
9	Жексенбі	10 Сәуір	04:46	06:08	12:51	17:30	19:28	20:51
10	Дүйсенбі	11 Сәуір	04:44	06:07	12:51	17:30	19:29	20:52
11	Сейсенбі	12 Сәуір	04:42	06:05	12:50	17:31	19:31	20:54
12	Сәрсенбі	13 Сәуір	04:40	06:03	12:50	17:32	19:32	20:56
13	Бейсенбі	14 Сәуір	04:38	06:01	12:50	17:33	19:33	20:57
14	Жұма	15 Сәуір	04:35	05:59	12:50	17:34	19:35	20:59
15	Сенбі	16 Сәуір	04:33	05:58	12:49	17:35	19:36	21:01
16	Жексенбі	17 Сәуір	04:31	05:56	12:49	17:35	19:37	21:02
17	Дүйсенбі	18 Сәуір	04:29	05:54	12:49	17:36	19:38	21:04
18	Сейсенбі	19 Сәуір	04:27	05:53	12:49	17:37	19:40	21:05
19	Сәрсенбі	20 Сәуір	04:25	05:51	12:49	17:38	19:41	21:07
20	Бейсенбі	21 Сәуір	04:23	05:49	12:48	17:39	19:42	21:09
21	Жұма	22 Сәуір	04:21	05:48	12:48	17:39	19:43	21:10
22	Сенбі	23 Сәуір	04:19	05:46	12:48	17:40	19:45	21:12
23	Жексенбі	24 Сәуір	04:17	05:44	12:48	17:41	19:46	21:14
24	Дүйсенбі	25 Сәуір	04:15	05:43	12:48	17:42	19:47	21:16
25	Сейсенбі	26 Сәуір	04:12	05:41	12:47	17:43	19:48	21:17
26	Сәрсенбі	27 Сәуір	04:10	05:39	12:47	17:43	19:50	21:19
27	Бейсенбі	28 Сәуір	04:08	05:38	12:47	17:44	19:51	21:21
28	Жұма	29 Сәуір	04:06	05:36	12:47	17:45	19:52	21:22
29	Сенбі	30 Сәуір	04:04	05:35	12:47	17:46	19:53	21:24
30	Жексенбі	1 Мамыр	04:02	05:33	12:47	17:46	19:55	21:26

ЕСКЕРТУ:

2 сәуір – Рамазан айының бірінші күні
Мамыр айының 27 – не 28 – не қараған түн – қасиетті **Қадір түні**
Пітір садақасы жан басына 500 теңге деп белгіленді.
Садақаны "Kaspi.kz", "Halyk Homebank", мобильді қосымшалары және "Қазпошта" арқылы аударуға болады.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет етемін.

Ауызшар дұғасы: Уа Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза устадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықтан ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және сәрің күне – кемшіліктерімді кешір!

«ТЕЗ ОҚУДЫ ҮЙРЕНІҢІЗ!» АТТЫ ЖЫЛДАМ ОҚУ САЙЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ескең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айта келе, 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялаған болатын. Аудандық балалар кітапханасы «Балалар жылы» аясында оқырмандарды кітап оқуға тарту, қызығушылықтарын арттыра отырып, мұқият және жылдам оқуға, оқығанын түсінуге және есте сақтауға үйрету барысында әр бағытта шаралар өткізуде.

Сондай шаралардың бірі - «Тез оқуды үйреніңіз!» атты жылдам оқу сайысы, мақал-мәтел сайысы аудан көлемінде өтуде. Аудан көлемінде өткен сайыста I орын марапат иегері атанған Естай Асыл, Оралтай Мадина, Қуантай Еркежан, Қожабек Нұрару. Ауданнан оза шыққандар облыс көлемінде өткен сайысқа қатысуда. Кітапхана оқырманы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясының 4-сынып оқушысы А.Естай облыстық жылдам оқу сайысына қатысып I орын иегері атанса, Республикалық жылдам оқу сайысына қатысып II орынды иеленді. М.Оралтай облыстық жылдам оқу сайысының III орын иегері атанды.

Құрметті оқырмандар! Жылдам оқу сайысына шақырамыз! Кітаптан көп білім, үлгі - өнеге мен тәрбие аласыздар. Оқыған - тоқығаны көп болса, жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ деген дана халқымыз.

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні. Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың келер ұрпаққа қалдырған есиеті. Кітап – сарқылмас руханы қазына дей келе жас буын

2022 ЖЫЛ – БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

«ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ МЕН БАҚИТТЫ БАЛАЛЫҚ. БҰЛ – БІЗДІҢ ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ МІНДЕТІМІЗ».

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ.



оқырмандар сіздерді кітапханаға кітап оқуға шақырамыз! Кітапты құрметтейік, кітаппен дос болайық! Кітапханада балалар кітабы күніне орай, «Кел, кітап оқы!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Аудандық

балалар кітапханасының есігі Сіздер үшін әрдайым ашық!

Бақытгүл АБДРАХМАНОВА,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

101 ЕСКЕРТЕДІ!

Автокөліктердегі өрт қауіпсіздік ережелері

Автокөлікте өрттің шығу мүмкіндігін төмендету үшін, жеке автокөлікті зауыт нұсқаулығының талаптарына сәйкес пайдаланып, техникалық дұрыс жағдайда қызмет көрсету керек, сонымен қатар өрт қауіпсіздігінің ережелерін қатаң сақтау қажет. Жеңіл автокөліктегі өрттер, жүргізушінің өртке қарсы қорғау және өрттерді жою бойынша әрекеттеріне қажетті дайын еместігін куәландырады. Автокөлік жануын уақытында көру өте маңызды және оны жоюға дереу шара қабылдау қажет. Өртке әкелетін факторлар бар, ол жанармай иісінің, оқшалаудағы күйік иісінің, капоттан түтіннің шығуы.

Өрт жиі электр сымдарының жүйелеріндегі ақаулықтан шығу мүмкін, сондықтан оқшалау жағдайына және байланыстардың сапасына назар аудару қажет. Электр жүйелеріндегі барлық өзгерістер мен қосымшалар білікті маманмен сапалы жүргізілген жөн. Автокөлікті пайдалану барысында уақыт өте келе отындық шлангалар жыртылады немесе тозады, қосындыларда ақаулар пайда болады. Қозғалтқыштағы пайдаланылған коллектордың үстіңгі қабатымен немесе от ұшқындары болған кезде жанармай буы тез тұтанады.

Автокөліктің заманауи бөлігі көбіне полимерден, пластиктерден, және басқа да синтетикалық материалдардан тұрады, және де олардың барлығы жанғыш заттар. Осындай материалдар жанғанда жоғары токсинді газ бөледі. Егер Сіздің автокөлігіңіз қозғалыс кезінде өртке оранса, жарық немесе дыбысты сигналмен жүргізушіге автокөліктің жануы туралы белгі беру қажет. Автокөліктің қозғалысы кезінде, жану пайда болса, Сізге келесі іс-әрекеттерді орындау керек:

1. Автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
3. Капоттың құлыпін босатыңыз, бірақ капотты ашпаңыз.
4. Барлық жолаушыларды шығарыңыз.
5. «101» немесе «112» телефондарына қоңырау шалыңыз, және өртке қарсы қызметті шақырыңыз.
6. Егер бұл қауіпті болмаса, көліктегі өрт сөндіргішті қолданып көріңіз.
7. Қозғалтқыш бөлігіндегі өртті сөндіру барысында суды қолданбаңыз, бұл электр сымдарының қысқа тұйықталуына немесе жанып жатқан жанар-майдың таралуына және жану аумағының ұлғаюына әкеліп соғады.

ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тұрмыстық газ (пропан) өрт немесе жарылыстың пайда болуына маңызды қауіп-қатер тудыратыны барлығымызға мәлім. Газды қолданумен байланысты өрттердің барлығы баллонды немесе газ плиталарын дұрыс емес пайдаланғандықтан туындайды. Газ баллоны газ плитасына дұрыс орнатылуы қажет. Газ баллоны газдың шығып жатқаны тек сабын көпіршіктері арқылы анықтауға болады. Газдың иісін ауадан сезген уақытта сіріңке жағуға, темекі шегуге, басқада электр қондырғыларын іске қосуға болмайды. Газ шыққаның байқасаныз, тез арада есік пен терезені ашып бөлмені желдетіп, баллонды далаға шығарып 104 телефонына апаттан құтқару қызметіне қоңырау шалып хабарласыңыз.

Тұрмыста газды пайдалану кезінде тыйым салынады:

- Өз бетінше газ баллонды (пәтерлерде, саяжай үйлерде) орнатуға, ауыстыруға немесе жөндеуге болмайды;
- Жұмыс істеп тұрған газ құралдарын қараусыз қалдыру, мектепке дейінгі жастағы балаларды және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерін білмейтін адамдарды газ аспаптарын пайдалануға жібермеу;
- Газ ошағын тек жақсы желдетілетін бөлмелерде пайдаланыңыз;
- Газды жағарда алдымен жанып тұрған шырпыны оттыққа жақындатыңыз, содан дан кейін шүмекті ашыңыз.
- Газ ошақтарын үйді жылыту үшін пайдалануға мүлде болмайды;
- Адамдар демалатын немесе ұйықтайтын бөлмелерде газ жабдықтарын қолдануға тиым салынады.
- Көп қабатты үйлерде газ баллондарын пайдалану адам өміріне қауіпті;
- Газ баллондары пештерден немесе жылыту радиаторлардан кем дегенде 1 метр арақашықтықта орналасу қажет;
- Үйде қосалқы баллондарды сақтау.

Естеріңізде болсын! Газ ауамен қосылғанда жарылу және өрт қауіпі бар. Газ толық жанбаған кезде адам ағзасын улайтын иісті газ бөлінеді. Газ пайдалану ережелерін бұзған кезде Сіз тек қана өзіңізге ғана емес өзгелерге де қауіп төндіресіз!

Құрметті аудан тұрғындары, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз!
Нұрдулет ЖАҚСЫБАЕВ,
аудандық ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму Министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және
ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша
айында есепке қойылды. Күзгі №15701-Г

Редакция алқасы:
Жауапты хатшы -
Ербол СЫМХАНОВ,
Бас есенші -
Гүлжан МҰҚЫШЕВА

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар оңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2530

Директор бас редактор
- 2-11-61,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.